

15-сәуір Қозы Көрпеш - Баян сұлу махаббат күні

15 сәуір – ұлттық ғашықтар күні.

"Қозы Көрпеш - Баян Сұлу" мейрамы махаббат пен сүйіспеншілікке арналған.

Рухани құндылықтарды ғасырдан-ғасырға жалғастырып отыратын қос ғашықтың "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" махаббаттарын ұғынып, осы екі жүрек иелерінің атына күн белгілеп, махаббатты дәріптеуді жас ұрпақтың санасына сіңіру үшін елімізде талай іс-шаралар өтеді.

Соның бірі 15-сәуір күні ҚазБСҚА колледжінде аталып өтті.

Бұл мерекені атап өтудегі негізі мақсат - жастарды ұйымшылдыққа, махаббатты бағалай білуге, Отанына деген адалдыққа, ұлтына деген сүйіспеншілікке баулу.





